

**“2020 – 2022 жылдарға арналған Мырзабай ахун ауылдық округінің бюджеті туралы”
Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №51-13 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 57-15 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 мамырда № 7482 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған Мырзабай ахун ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-13 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7144 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2020 жылғы 18 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Мырзабай ахун ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 43 452 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 1000 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 80 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;
 - трансферттер түсімдері – 42 372 мың теңге;
- 2) шығындар – 43 452 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;
 - бюджеттік кредиттер – 0;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

қарыздар түсімі – 0;
 қарыздарды өтеу – 0;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.”.

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Жалағаш аудандық мәслихатының
 57-сессиясының төрағасы, Жалағаш
 аудандық мәслихатының хатшысы*

М. Еспанов

Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы
 25 мамыры № 57-15 шешіміне қосымша
 Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы
 27 желтоқсандағы № 51-13 шешіміне 1-
 қосымша

2020 жылға арналған Мырзабай ахун ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		Кірістер	43 452
1		Салықтық түсімдер	1 000
	04	Меншікке салынатын салықтар	1000
		1 Мүлікке салынатын салықтар	14
		3 Жер салығы	66
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	920
2		Салықтық емес түсімдер	80
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	80
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	80
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4		Трансферттердің түсімдері	42 372
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	42372
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	42372
Функционалдық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы , мың теңге
Бағдарлама			
		Атауы	
		Шығындар	43 452
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26 164

124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26164
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25764
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5 153
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5153
	003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	5153
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 985
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1985
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	719
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	252
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1014
13		Басқалар	8 600
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8600
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	8600
15		Трансферттер	1550
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1550
	051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1550
		Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0